

"2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы" аудан әкімдігінің 2012 жылғы 30 наурыздағы N 1871 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 10 мамырдағы N 1913 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 11 мамырда N 10-9-222 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 14 қаңтардағы N 2223 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2013.01.14 N 2223 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер" туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Шиелі ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 30 наурыздағы N 1871 "2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы" (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізімінде 2012 жылдың 11 сәуірінде N 10-9-219 болып тіркелген, аудандық "Өскен өңір" газетінің 2012 жылғы 14 сәуірдегі N 37/7980/шығарылымында жарияланған) қаулысының 1-тармағы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"1. Шиелі ауданындағы әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе одан босатылуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімдерін өткермеген азаматтарды 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу ұйымдастырылсын және қ а м т а м а с ы з е т і л с і н ."

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Т. Жағыпбаровқа жүктелсін.

3. Қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Н. Нәлібаев

" К Е Л І С І Л Д І "

Қызылорда облысының денсаулық
сақтау басқармасының "Шиелі
аудандық емханасы" шаруашылық
жүргізу құқығындағы мемлекеттік
коммуналдық кәсіпорнының
бас дәрігері Әмір Нұрлан Әмірұлы
"10" мамыр 2012 жыл

" К Е Л І С І Л Д І "

"Қызылорда облысы Шиелі ауданының
Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы
Нурхожин Даулеткали Ергалиевич
"10" мамыр 2012 жыл

" К Е Л І С І Л Д І "

"Шиелі аудандық ішкі істер бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы
Қарынбаев Саттар Әбіләзімұлы
"10" мамыр 2012 жыл
